

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____
Топ: мектепалды топ
Балалардың жасы: 5 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.03 - 15.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
Күн тәртібі										
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)									
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.									
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру,	"Біз орындықтарды орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекет)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу;					

	сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекет)	шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекет)		дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекет)	еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекет)
	Үстел үсті ойыны «Мозаика» Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. (танымдық іс-әрекет)	«Заттық фриздер» дидактикалық ойыны Ойынның мақсат-міндеттер: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту. Ойынның көрнекілігі: ыдыс, көгөністер мен жемістер суреттері, көгөністер мен жемістер муляждары, қоржын. Ойынның шарты: әртүрлі жемістер немесе көгөністер муляждары салынған ыдыстан бір затты	Интеллектуалды карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Азық-түліктер». Мақсат-міндеттер. Негізгі азық-түлік түрлерін ажыратып, атауды үйретуді жалғастыру. Негізгі ерекшеліктері бойынша: сүт өнімдері, ұн тағамдары, ет тағамдары. Ережесі. Әр бала кез келген азық-түлік бейнеленген бір карточканы таңдап алып, неден дайындалғанын (ұн, ет, сүт) тауып, суреттегі орнын анықтайды. Ойын барысында әр бала азық-түлікті атап, неден жасалғанын айтады. Барысы. Педагог заттық	"Қағаздан бүктеу" жұмысы. Тақырыбы: "Күшік". Мақсат-міндеттер. Әртүрлі аңдар, құстар, гүлдердің пішіндерін қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекет)	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Көшпелі халықтың баспанасы" Мақсат-міндеттер: балаларды киіз үй бейнеленген трафаретке түрлі-түсті тоқыма жіптерін жабыстыру арқылы киіз үйді құрастыруды үйрету. "Артық затты тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог балаларға заттардың

		алады. Содан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	суретті таңбалауыштарды алдын ала дайындайды: – сүт өнімдері - айран, қаймақ, май, ірімшік, сыр; – ет тағамдары - шұжық, жіңішке шұжық (сосиска), қазы, кәуап, котлет; – ұн тағамдары - нан, шелпек, тоқаш, бауырсақ, кұймақ. Топта балалар көп болса, онда педагог азық-түліктердің көшірмесін дайындайды, ең бастысы, әр балада бір таңбалауыштан болу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)		суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған заттың атауын атайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау. 1 - 2 - шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 7-8 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - қолдарын жанына жіберу; 2 - қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау (жаттығу 6-8 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау. 1 - сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2 - қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа				

	келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау. 1 - түзу қолдарын алға ұстау; 2 - еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3 - тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою. 1 - оң аяғын жанына қою; 2 - сол аяғын орнына қою; 3 - сол аяғын жанына қою; 4 - оң аяғын орнына қою; 5-6 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою. Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру (жаттығу 3-4 рет қайталанады). (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс-әрекет)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (қарым-қатынас іс-әрекет)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс-әрекет)	Ұлттық ойын. Киіз үй Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.	«Мақтау сөздер айту» Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[я] дыбысы және Яя әрпі". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгерту, сөзге дыбыстық талдау	Сауат ашу негіздері "[я] дыбысы және Яя әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Я я дыбысы мен әрпін меңгертуді пысықтау, сөзге	Математика негіздері "Алдар көсе қонаққа келгенде" Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар олардың құрамы, сандық	Математика негіздері "Алдар көсе қонаққа келгенде" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар олардың құрамы,	Сауат ашу негіздері "[ф] дыбысы және Фф әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Ф дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып,

жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету. Қазақ тілі "Наурыз құтты болсын! "Наурыз көже" санамағын жаттау". Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамы, наурыз көже, ұлттық дәстүрлердің бірі-сүйінші берумен таныстыруды жалғастыру; сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру "Биікке ілінген затқа секіріп қол тигізу" Мақсат-міндеттер: балаларды 25 см биікке ілінген затқа (таспаға) жүгіріп келіп жоғары секіріп қол тигізуге үйрету.	дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету. Математика негіздері "Сарқытты тарату" Мақсат-міндеттер: балалардың шартты өлшемды заттың шамасын (қалыңдығын) салыстыруда пайдалануға үйретуді жалғастыру; геометриялық денелердің негізгі қасиеттері мен айырмашылығын бекіту. Музыка "Көңілді ән салайық" Мақсат-міндеттер: балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін	қатарын меңгертуді жалғастыру; заттардың ерекшелерін таба білуді, негізгі қасиеттері мен айырмашылығын анықтай білуді пысықтау. Қазақ тілі "[Н] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мейрамы туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту; наурызкөже және оның құрамындағы тағамдар туралы білімдерін бекіту; ұлттық дәстүрлердің бірі - сүйінші сұрау, ізгі хабар үшін берілетін сүйіншіні таныстыруды жалғастыру; азық-түлік өнімдерінің түрлері (сүт, ет, ұн) туралы білімдерін қорытындылау; «сүт», «ет», «ұн» сөздерінен шыққан түбірлі сөздер арасындағы байланысты	сандық қатарын меңгертуді жалғастыру; заттардың ерекшелерін таба білуді, негізгі қасиеттері мен айырмашылығын анықтай білуді пысықтау. Сөйлеуді дамыту "Қазақ халқының ұлттық аспаптары" Мақсат-міндеттер: қазақ халқының ұлттық аспаптарын балаларға түсіндіру. Музыка "Домбыраның күмбірі" Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Шеберханаға саяхат" Мақсат-міндеттер: балалардың қазақтың төл қолөнерлері мен	балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Сурет салу "Қоржыңды безендірейік" Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу. Дене шынықтыру "Жүгіріп келіп жоғары секіру" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, жүруге үйрету.
--	---	---	---	--

	Қоршаған ортамен таныстыру "Қазақ ұлттық аспаптары" Мақсат-міндеттер: балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру жалғастыру, оларды ажыратып, айта білу қабілеттерін пысықтау.	есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Наурыз мерекесі құтты болсын!" Мақсат-міндеттер: балаларға наурыз айында келетін наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту; "наурыз туралы аңызды" оқып беріп, балалардың сұрақ жауап арқылы тілдерін дамыту.	көрсетуді жалғастыру; дұрыс тамақтану, дәстүрлерді құрметтеу туралы түсініктерін нақтылау: сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту; мәтіндегі тірек сөздерді табуға, оларды қазақ тілінде дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; наурыз көже құрамындағы жеті тағамның атын еске сақтауға, жатқа айтуға машықтандыру; балаларды ұйымдастырушылыққа, асты қадірлеуге, ұлттық тағамдарды, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Жүгіріп келіп жоғары секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, жүруге үйрету.	кәсіптері туралы ұғымдарды жетілдіру; Наурыз мерекесіне құрылатын киіз үй құрылысын пысықтау.	Көркем әдебиет "Бесік жыры" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-дәстүрлерін ұстануға, сақтауға үйрету.
--	--	--	--	--	--

			Көркем әдебиет "Бесік жыры" Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-дәстүрлерін ұстануға, сақтауға үйрету.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Такпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз. Бақылау. Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Түйілген орамал».	Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балаларға аймақты	Құрылыс жабдықтарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегін құрметтеу сезімін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын	Қоғамдық өмірдегі құбылыстарды бақылау: "Жолдың жүретін бөлігі". (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (шығармашылық іс-әрекет)

	(дене шынықтыру) Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу. Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы,	тапсырмалары (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, қадамдарды жиілетуге үйрету, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	қардан тазартуға көмектесу). Мақсат-міндеттер. Қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіруге жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.	қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбекке және табиғатқа құрметпен қараудың үлгісін көрсету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту.	Мақсат-міндеттер. Пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.
--	---	--	--	---	--

	шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер. Оңға, солға, айналаға бұрылып секіру жаттығуларын жасау. (дене шынықтыру)			
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, көрсетілгенді	"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру. Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояндар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алындар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді.	Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.	Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата". Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі заттың атауын (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту. Құралдар: доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-	Ұлттық ойын. Бес тас «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап

	сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяқкиім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. (қарым-қатынас іс-әрекет) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері,	Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады. Керекті құралдар: асықтар (дене шынықтыру) Бояу қағаздарындағы суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (шығармашылық іс-әрекет)	(дене шынықтыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, азықтарды сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, макарондар түрлері, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты	әрекеті) Театрландырылған қойылым. "Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, үй шаруасында қажетті заттар мен жиһаздар. Шарты. Педагог балаларға "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз	алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. (математика негіздері)
--	--	---	---	--	---

	ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында		ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкеннің суреттерін, бейнежазбаны көрсетіп, "азық-түлік тауарлары" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азық-түліктің сақталу мерзімі, оларды таза өнім күйінде тұту жайындағы білімді беру өте маңызды. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны	костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог алады, содан соңғы жағдайларда балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлер рөлдеріндегі балаларды жеке қатарға шығарып, қай бала, қай кейіпкердің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет білдіреді, қошемет пен мақтауға бөленеді. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.	
--	--	--	---	---	--

	балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның		сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай сақтаса, олардың сапасы бұзылмайды, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті)	
--	--	--	--	--	--

	денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығу. «Музыкалық аспаптарда қалай ойнайды?» Күмбір-күмбір - домбыра, Шертеміз біз қуана. Сыңғыр-сыңғыр - дутарда, Шертеміз біз қуана. Тын -тын -тын - балалайка, Қуаныш сыйлар балақайға. Үілдейді сырнай, Келіп тартшы	Жарқырап тұр күніміз Жайқалсын жас гүліміз, Бақта бұлбұл сайрасын. Сәнді көктем нұрымен Наурыз тойы - жырымен Көңіл гүлдей жайнасын. (Ө. Табылдиев) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (уақыт). Балаларды айныладағы адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.	Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне	«Әліппе-лотосы». Мақсат-міндеттер. Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді.

	балақай. Құбылады қобыз Біз ойнамай қоймаймыз. Балалар бір рет айтып болғаннан кейін, аталған аспапта ойнауды қимылмен көрсетулеріне болады. Үшінші рет айтылуы мен қимылы бірге жасалады. (қарым-қатынас іс- әрекеті)		- Таңертең - (кешке). - Кеше - (ертең). - Жазда - (қыста). - Түнде - (күндіз). - Күн - (түн). - Биыл - (былтыр). - Шілде - (қаңтар). - Қыркүйек - (наурыз). - Ерте - (кеш). - Жылдам - (баяу). - Күлу - (жылау). (қарым-қатынас іс- әрекеті, қазақ тілі)	құрылған дыбыстық құрам кестелері. Ойынның екінші күрделенген нұсқасы. Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдары кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді. (қарым-қатынас іс- әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Сабынымды аламын,				

	Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық. Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың

	ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	"Ең әдемі гүлдер" жобасының нәтижесін қорытындылау.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.